

ӘОЖ 342.7

Д.А. Жампеисов

Қазақ инновациялық гуманитарлық заң университеті,  
6D030100 «Заңтану» мамандығының 3-курс докторанты, Қазақстан Республикасы, Семей қ.  
E-mail: duman\_d@mail.ru

### Этникалық көші-қонды құқықтық реттеудің өзекті мәселелері

Осы мақалада этникалық көші-қонды құқықтық реттеудің өзекті мәселелері қарастырылады, құқық қайнар көздерінің анықтамаларына шолу жасалады, көші-қон құқығының қайнар көздеріне талдау жасалды, оралмандардың әлеуметтік-экономикалық құқықтарын жүзеге асыру барысында туындайтын қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу саласындағы проблемалық сұрақтар тұжырымдалды, Қазақстан Республикасының заңнамасы мен құқыққолдану тәжірибесін жетілдіру бойынша ұсыныстар берілді.

**Түйін сөздер:** отандастар, ықпалдасу, құқықтық реттеу, репатриация, репатриант, шет елдердің тәжірибесі.

D.A. Zhampeissov

### Actual problems of legal regulation of ethnic migration

This article discusses the hot issues of legal regulation of ethnic migration, the definitions of law sources were reviewed, the migration law source were analysed, problematic issues in legal regulations of public relations for the realization of social and economic rights of oralmans were formulated, recommendations on the improvement of the legislation and its implementation in the given sphere were given in this article.

**Keywords:** compatriot, integration, legal regulation, repatriation, immigrant, foreign experience.

Д.Ә. Жампеисов

### Актуальные проблемы правового регулирования этнической миграции

В данной статье рассматриваются актуальные вопросы правового регулирования этнической миграции, сделан обзор определений источников права, проанализированы источники миграционного права, сформулированы проблемные вопросы в сфере правового регулирования общественных отношений по реализации социально-экономических прав оралманов, даны рекомендации по совершенствованию законодательства и практики его применения в данной сфере.

**Ключевые слова:** соотечественник, интеграция, правовое регулирование, репатриация, репатриант, зарубежный опыт.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейін тағдырдың тәлкегінен дүниеде тарыдай шашылған ағайын өзінің ата-жұртына қайта бастады. Қазіргі таңда 1991 жылдан 2011 жылға дейін барлық көшіп келушілердің ішінде репатриация негізінде келген оралмандардың саны 800 000-нан астам болды. Халықтың дәл осы

санатына арналған мемлекет тарапынан қажетті нормативтік-құқықтық актілер қабылданған.

Континенталдық романо-германдық жүйеге жататын Қазақстандағы көші-қон саласындағы құқықтың қайнар көздері – маңызды мәселе. Әдебиетте құқықтың қайнар көздері мен құқық нысаны ұғымдарының арақатынасына екі негізгі

көзқарас қалыптасқан. Оның біріншісіне сәйкес екі ұғым бір мағынада түсініледі, ал екіншісіне сәйкес құқықтың қайнар көздері – құқық нысанына қарағанда кең ұғым. Қайнар көзді кез келген бастау ретінде қарастыратын болсақ, онда құқықтың қайнар көзі деп материалдық мағынадағы қайнар көз (қоғам өмірінің материалдық жағдайлары, меншік нысандары, адамдардың қажеттіліктері және т.б.), идеологиялық мағынадағы қайнар көз (әртүрлі құқықтық ілімдер, құқықтық сана және т.б.); формальды-заңи мағынадағы қайнар көз – құқық нысаны деген сөз [1, 152].

А.В. Мальконың пікірінше, құқық нысаны деген мемлекеттің еркін, тәртіптің заңи ережелерін сыртқа көрсетудің тәсілі [1, 152]. А.Б. Венгеровтың пікірінше, құқықтың нысаны деп құқық мазмұнының мемлекеттік органдардың белгілі бір актілерінде, соттардың шешімдерінде, шарттарда, әдептерде және өзге де қайнар көздерде объективті бекітілуі мен көрінуі [2, 206]. А.С. Ибраеваның пікірінше, нысан деп құбылыстың ішкі мәнін көрсететін сыртқы көрінісі түсініледі. Ал құқықтың қайнар көзі – құқықтық норманы объективтілеудің сыртқы нысаны [3, 86].

Көші-қон саласындағы құқықтың негізгі қайнар көзі нормативтік-құқықтық акт болып табылады. С.С. Алексеевтің пікірінше, нормативтік-құқықтық акті деген мемлекеттің құзырлы органдары шығарған және жалпыға міндетті заңи нормалары бар (тәртіп ережелері) ресми құжат [4, 245]. Ал қазақстандық заңнамада берілген анықтама сәйкес нормативтік-құқықтық акт – референдумда қабылданған не уәкілетті орган немесе мемлекеттің лауазымды адамы қабылдаған, құқықтық нормаларды белгілейтін, олардың қолданылуын өзгертетін, тоқтататын немесе тоқтата тұратын белгіленген нысандағы жазбаша ресми құжат [5].

Нормативтік-құқықтық актілердің заң күші бойынша сатысында Қазақстан Республикасының Конституциясының жоғары заң күші бар. Оның кіріспесінде Қазақстан халқы байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құрып отырғандығын жария етіп, оған қоса еркін жүріп-тұруға және тұрғылықты мекенді өз қалауынша таңдап алуға құқықты бекітіп [6], бүкіл әлемге тағдырдың тәлкегінен тарыдай шашылған қазақтың оралуына мүмкіндікті ең жоғары деңгейде бекітті.

Шетелде жүрген қазақтарға еліне оралу мүмкіндігі құқықтық тұрғыдан алғашқы рет «Қазақстан Республикасы мемлекетінің тәуелсіздігі туралы» 1991 жылғы 16 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында берілген еді. Онда «Қазақстан Республикасы жаппай қуғын-сүргін, күштеп ұжымдастыру кезеңдерінде, адамгершілікке жат өзге де саяси шаралар нәтижесінде Республика территориясынан кетуге мәжбүр болған адамдар мен олардың ұрпақтарының, сондай-ақ бұрынғы одақтас республикалар территориясында тұратын қазақтардың өз территориясына қайтып оралуы үшін жағдай жасайды» деп жазылған еді [7].

Осыдан кейін көші-қонды реттейтін көптеген нормативтік-құқықтық актілер қабылданып, қазіргі таңда елімізге оралған этникалық қазақтардың саны бір миллионға жуық болды.

Құқықтық реттеу тұрғысынан қабылданған актілердің тиімділігі мен кемшіліктері жайлы талдау өте қызықты болғанымен, осы мақалада оралған ағайындардың әлеуметтік-экономикалық құқықтарын жүзеге асыру саласындағы қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеуді жетілдіруге қатысты ғылыми-тәжірибелік талдау қарастырылады.

Осыған сәйкес көші-қон саласын тікелей реттеуге қабылданған және онда көзделген құқықтарды жүзеге асыру тетіктері бар өзге де актілерде жұмыспен қамту және кәсіпкерлікпен айналысу үшін заңнамада оралмандарға жеңілдіктер көзделген. Мысалы, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы № 204 «Халықтың көші-қоны туралы» Заңының 29-3 бабына сәйкес ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы оралмандарды жұмысқа орналасуда, біліктілігін арттыруда және жаңа мамандықты игеруде көмек көрсетуді қамтамасыз етеді. Оған қоса оралмандарға және олардың отбасыларының мүшелеріне жеке қосалқы шаруашылық жүргізу, бау-бақша өсіру және саяжай салу үшін жер учаскелерін беру Қазақстан Республикасының жер заңдарына сәйкес ауылдық елді мекендердің ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерінен, көшіп келушілер жер қорынан, арнаулы жер қорынан және жер запасынан уақытша қайтарымсыз жер пайдалану құқығымен жүзеге асырылады [8].

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 99-IV Салық кодексінің 457-ба-

бына сәйкес дара кәсіпкерлерді мемлекеттік тіркеу кезінде, жылжымайтын мүлікке және онымен жасалатын мәмілелерге құқықтарды мемлекеттік тіркеу кезінде, жылжымалы мүлік кепілін, кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу кезінде, туындылар мен сабақтас құқықтар объектілеріне құқықтарды, туындылар мен сабақтас құқықтар объектілерін пайдалануға арналған лицензиялық шарттарды мемлекеттік тіркеу кезінде Қазақстан Республикасының азаматтығын алғанға дейін репатрианттар (оралмандар) алымдарды төлеуден босатылады [9].

Сонымен бірге қабылданған нормативтік-құқықтық актілерді тәжірибеде толық жүзеге асыру үшін әлі де біршама көңіл бөлу керек. Өйткені бұл жерде Қазақстан Республикасының Конституциясында белгіленген әлеуметтік мемлекет ретінде жұмысқа орналастыру, жұмыссыздықты жою сияқты әлеуметтік мәселелерді шешу ғана емес, үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту, кейбір азық-түлік түрлері бойынша импорт 80-90% болып тұрған кезде агроөнеркәсіптік кешенді дамыту мен азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша өзекті мемлекеттік бағдарламаларды тиімді жүзеге асыруға оралмандардың үлес қосуына жағдай жасау маңызды мәселені білдіреді. Көшіп келушілер арасында өзін-өзі, отбасын және тұрғылықты мекенін тиімді еңбек және оның өнімімен қамтуға ниеті бар адамдар аз емес. Көшіп келушілердің Қазақстан экономикасына қосып жатқан үлесі және жалпы ішкі өнімдегі алатын үлесі жайлы ақпарат табу өте қиын немесе ондай статистика мүлдем жүргізілмейді.

Жалпы, құқықтық реттеуді жетілдіру құқықшығармашылықты жетілдіру, құқықты қолдануды жетілдіру және құқықтық мәдениет деңгейін жоғарылату бағытында жүргізіледі. Құқықтық реттеудің тиімділігі қол жеткізген нәтиже мен алдында тұрған мақсаттың арақатынасы арқылы анықталады. Құқықтық реттеудің нәтижесінде құқықбұзушылықтардың алдын алу мен оларды болдырмау деңгейі жоғарылау керек. Бірақ тәжірибе көрсеткендей көші-қон саласында қабылданған кейбір нормативтік-құқықтық актілердің нәтижесінде құқықбұзушылықтар саны керісінше жоғарылап отырды.

Бұл ретте 1991 жылғы 20 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Заңына Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі № 478-IV Заңымен толықтырулар енгізілгеннен кейін Қытайдан Қазақстанға қоныстануға келген этникалық қазақтар Қытай азаматтығынан шығу туралы анықтамасын алу мүмкіндігі болмағандықтан Қазақстан Республикасының азаматтығын ала алмады [10]. Бұл қателік тек «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әртүрлі заңнамалық актілердің құқық нормалары арасындағы қайшылықтарды, оқшылықтарды, коллизияларды және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін нормаларды жою мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 27 сәуірдегі №15-V Заңымен ғана түзетілді [11]. Осы жарты жылдан астам уақыт ішінде жүздеген адам заңды қабылдаған кезде жіберілген қателік кеселінен талай қиындықтарға ұшырады. Осы жағдайдың теріс әсері ол бүкіл мемлекеттің беделіне нұқсан келтірді.

Екінші мысал ретінде «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы №155 Кодексіне Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі №478-IV Заңымен түзетулер енгізілді [12]. Оларға сәйкес нақты тұратын жері тіркеу кезінде көрсетілген мекенжайға сәйкес келмеуі үшін алғашында он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алуға әкеп соқса, кейінірек Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 27 сәуірдегі № 15-V Заңына сәйкес қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салу жазасымен толықтырылды [11].

Бірақ нақты өмірде тарихи Отанына келген көптеген этникалық қазақтар тіркеу кезінде көрсеткен мекенжайда белгілі бір себептермен (алғашқы келген кезде тұрғын үй сатып алу мүмкіндігінің жоқ болуы, мемлекет ұсынатын бірегей тіркеуге отырғызатын орталықтардың жетіспеушілігі) тұрмайды. Бұл жағдай оларды әкімшілік жауаптылыққа тартылуына негіз болады. Сондықтан жоғарыдағы екі мысал көрсеткендей заң шығарушының көші-қонды бір ретке келтіру игі мақсатын басшылыққа алғанымен қандай да бір құқық нормасын қабылдаған кезде нақты жағдайды терең зерттеп, бұл құқық нормасы өмірде қаншалықты тиімді

болады, этникалық қазақтарды тарихи Отанына тарту арқылы елдің әлеуметтік-экономикалық, демографиялық ахуалын жақсарту сияқты түпкілікті мақсатқа жетуде кедергі келтірмейтініне әбден көз жеткізу керек. Яғни көші-қон саласындағы қоғамдық қатынастарды реттеуде тек тыйым салу тәсілдерін ғана емес, рұқсат беру, міндеттеу, көтермелеу, ұсыныс тәсілдерін де қолдану керек.

Сонымен қатар осы мақалада оралмандардың Қазақстандағы экономикалық қатынастарға кірігу кезінде кездесетін кейбір өзекті мәселелерді құқықтық реттеудің тиімділігін арттыру бойынша шешу жолдары ұсынылады.

1. «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №149 Заңының 7-бабына оралмандар үшін жұмыс орындарына 1-3% квота белгілеу бойынша өзгеріс енгізу, өйткені жұмысқа орналасу үшін шет елде оқу орындарын бітіріп келген мамандар Қазақстанға келгенде, өз саласы бойынша жұмысқа орналасуы өзекті мәселе.

2. Оралмандар бір кезде шекараны өткен уақытта өздерінің көлік құралдарын Қазақстанға көбінесе кеден органдарының бейжай қарауынан ешқандай тіркеусіз енгізген техниканы кеден төлемдерін кешіктіріп төлеу арқылы кеден заңнамасында заңдастырудың икемді жүйесін құру. Өйткені қазіргі уақытта ол техниканы уәкілетті органдарда тіркей алмау себебінен көптеген техника экономикалық айналымға қосылмай ауыл шаруашылығының дамуына үлес қоспай бос тұр. Осы арқылы жол полициясы органдарының тіркелмеген көлік құралдарының иелеріне алдын-ала әкімшілік жазалауға бағытталған айыппұл салу тәжірибесі жойылады.

3. Өңірлердегі мақсаты бойынша пайдаланылмай жатқан және заңнаманы бұза отырып пайдаланып отырған жер қорын анықтау және тиімді игеруге ниеті бар ағайындарға бөліп беру рәсімдерінің ашық болуы мен қолжетімділік деңгейін арттыру.

Бір жылға көшіп келу квотасы ҚР Президентінің Жарлығымен 20000 отбасы деп белгіленгенімен олар жер учаскелерін алуға тиісті ерік білдірген кезде қаншасы қамтамасыз етілетіні ашық сұрақ. Оның үстіне ҚР Президентінің тапсырмасымен 2012 жылы жүргізілген ауылшаруашылық жерлерін тексеру кезінде пайдаланылмаған немесе заңсыз

пайдаланылған 1 миллионнан астам гектар жер учаскелерін сот арқылы мемлекетке қайтарғаннан кейін оларды ашық түрде қайтадан үлестіріп беру мәселесі туындайды.

Оралмандардың көпшілігі мал және егін шаруашылығымен айналысқандықтан, жер беру және өзін-өзі тұрақты экономикалық өсу мен әлеуметтік нәтижені қамтамасыз ететін жұмыспен айналысу мәселесі алдыңғы қатарға шығады. Бұл ретте жер басқармаларының веб сайттарда жер ресурстарының электронды картасын орналастыру керек. Онда жалпы жер қорының көлемі, жерлердің түрлер бойынша жіктелуі, бос жерлердің көлемі мен орналасу мекені, оларды алудың тәртібі мен беруге жауапты мемлекеттік органдардың байланыс мәліметтері туралы ақпаратты орналастыру.

Оған қоса облыстық, аудандық бұқаралық ақпарат құралдары арқылы оралмандарға тауарлы ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін берілетін жер учаскелері, яғни ауыл шаруашылығы мақсатындағы, арнайы жер қорының, иммиграциялық жер қорының, босалқы жерлердің көлемі мен орналасқан мекені, оның ішінде берілгені және бос тұрғандары туралы толық ақпарат жариялау және оны үнемі жаңартып отырып халыққа жеткізу.

Мұның барлығы азаматтың Қазақстан Республикасының Конституциясындағы 18 және 20-баптардағы ақпараттың ашықтығы мен оны алу мүмкіндігі бойынша бекітілген қағидалардың жүзеге асырылуының айқын көрінісі болар еді [6]. Оған қоса Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы №442 Жер кодексінің 4-бабында көрсетілген құқықтық реттеуде жерді ұтымды пайдалану және жердің жай-күйі мен оған қолжетімділік туралы ақпаратпен қамтамасыз ету деп қойған қағида-мақсаттарға жетуіне мүмкіндік ашылады [13].

4. Өңірлердегі жер қорын уақыт өте келе туындап отыратын жергілікті қажеттіліктерге сәйкес ауылшаруашылық алқаптарын бір түрден екіншісіне ауыстыру мүмкіндігін қарастыру және осыған сәйкес тиісті рәсімдерді аудан көлемінде жеңілдету және жеделдету.

5. Этникалық репатриация саласындағы ақпараттық-насихаттық жұмыстың құқықтық негіздерін жетілдіру.

«Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы

12 сәуірдегі №36 Заңының 5-бабындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыру салаларының біріне жатқызылған демография проблемаларын шешу бағытына этникалық репатриация мәселелерін қосу. Өйткені қоғамдық қатынастарға әсер етуде құқықтық реттеу тетігінің маңызды элементі құқық нормасының ролі өте зор. Өйткені құқық нормасын қабылдағаннан кейін субъективті құқықтар мен заңды міндеттер пайда болады, оларды кейін құқық субъектілері жүзеге асырады. 1998 жылғы 16 қыркүйектегі №900 «Этникалық қазақтардың тарихи Отанына оралуы тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысында көшіру шараларын тиімді қаржыландыру қазақтардың қайтып оралуы кезіндегі басты міндет деп көрсетілгенімен орталық атқарушы және жергілікті атқарушы органдардың нормативтік актілерінде көрініс таппай жатады [14]. Осының салдарынан үкіметтік емес ұйымдар үшін мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың көптеген аудандардың бюджетінде жоқ болуы және облыстық, қалалық, аудандық мемлекеттік әлеуметтік тапсырыста оралмандарды бейімдеу және кіріктіру мәселелерін шешуге бағытталған лоттар жиі кездеспейді.

Сондықтан тек ішкі саясат бөлімдерінің ғана емес, мәдениет, тіл саясаты және басқа да құрылымдық бөлімшелердің бюджетінде үкіметтік емес ұйымдарына облыстық, қалалық, аудандық деңгейде оралмандардың және оралмандар тұратын жерлердегі қауымдастықтардың әлеуметтік мәселелерін шешуге арналатын лоттарды қаржыландыру мүмкіндігін қарастыру керек. Оның үстіне мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстағы әрекеттегі лоттарды инфрақұрылымды құру немесе қолдау, жобаның тұрақтылығы, аймақтың дамуына әсер ететін жобаларды қолдауға мүмкіндігін қарастыру қажет.

Ауылдық жерде халықтың 50%-ы өмір сүретіндігі және аудандық бюджеттердің мүмкіндігі шектеулі екендігін ескере отырып, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың 50% ауылдық жерлерінің әлеуметтік мәселелерін шешуге бағыттау нормативтік актілерде белгіленуі тиіс.

Этникалық репатриацияны құқықтық реттеудің тағы бір бағыты ретінде ақпараттық-насихаттық жұмысты таңдау керек. Құқықтық

мәдениеттің жоғары деңгейі болуы құқықтық реттеудің мақсаттарына жетуге неғұрлым жеңіл жағдай жасайды. Ал құқықтық мәдениетті жоғарылатуда құқықтық ағарту мен құқықтық оқытудың маңызы өте зор. Сондықтан мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс арқылы құқықтық ағартудың міндеттерін шешу керек. Олардың қатарына этникалық репатриация бойынша қабылданған көптеген нормативтік-құқықтық актілердегі тетіктер мен рәсімдер, оралмандарға елдегі жасалған мүмкіндіктер жайлы сипаттайтын ақпаратты тарату Қазақстанға келген кезде бейімделу мен ықпалдасуда едәуір жеңілдеп, жасалып жатқан құқықбұзушылықтардың саны азаяр еді. Осы ретте дипломатиялық өкілдіктерге қоса мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс арқылы қоғамдық ұйымдар арқылы шетелдегі қазақ диаспорасымен әлеуметтік, мәдени, ғылыми, экономикалық, шығармашылық, білімдік және ақпараттық бағыттарда жұмыс жүргізуге болар еді.

Осы жұмысты күшейту бағытында құқыққолдану тәжірибесінде болған оң мысалдарды да пайдалануға болады. Бұл жерде 1998 жылғы 28 шілдедегі №145 «Қоныс аудару шараларын ұйымдастыру туралы» Қазақстан Республикасы премьер-министрінің өкімін келтіруге болады. Онда қоныс аудару шараларын ұйымдастыру және қамтамасыз ету жөніндегі үйлестірушілер тағайындалды [15]. Осындай тәжірибені жаңғырту қоныс аудару кезінде туындайтын сұрақтардың тиімді шешілуіне және шетелдегі паспорттық-визалық қызмет, шекара, кеден органдарымен ведомствоаралық әрекеттесуді жақсартуға жәрдемдеседі, оған қоса шетелдегі қазақ диаспорасының қазақстандық қоғамда қажет құқықтық санасының қалыптасуы мен дамуына тікелей әсер етеді.

Ақпаратты тарату барысында қазіргі заманғы тәсілдердің барлық мүмкіндіктерін толық пайдалану керек. Уәкілетті мемлекеттік органдардың веб сайттарының этникалық көші-кон бойынша нормативтік-құқықтық ақпаратпен жабдықталуын зерттеп қарайтын болсақ, ондағы ақпарат толық емес, ескірген, мүлдем жоқ немесе қазақ нұсқалары аз болып жатады.

Сондықтан «әзірленген заңдардың жобалары мүдделі мемлекеттік органдарға келісуге жіберіле отырып, бір мезгілде уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылады, оған қоса

азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік-құқықтық актілердің жобалары уәкілетті мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында орналастырылады» деген «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы №213 Заңының 14-бабының 9-тармағында көрсетілген құқық нормасының орындалуына қатаң бақылау жүргізу керек және орындамаған жағдайда тиісті әсер ету шараларын көздеу керек [5]. Оның үстіне ҚР Сырты істер министрлігі, ҚР Ішкі істер министрлігі, Көші-қон комитетінің, Кедендік бақылау комитетінің веб сайттары этникалық репатриация, оралмандардың бейімделуі мен ықпалдасуына қатысты нормативтік-құқықтық актілермен жабдықталуы жайлы мониторинг жүргізілуі қажет.

Құқықтық мәдениет деңгейін жоғарылатуды тиісті ақпаратты веб сайттарда орналастырып, коммуникациялық құралдар арқылы таратумен шектелмей, уәкілетті мемлекеттік органдардың жергілікті қоғамдық ұйымдар мен тұрғылықты халықпен өзекті мәселелерді жоюға, түсіндіру жұмыстарына бағытталған бірлескен кездесулер арқылы өзара әрекеттесуді күшейту көптеген түсініспеушілік пен әлеуметтік наразылықты төмендетер еді. Бұл, әсіресе көші-қон мекемелері мен шекара арқылы өткен кезде кеден, шекара қызметтеріне қатысты.

Ақпараттық қолжетімділігіне қатысты тағы да айта кететін бір жайт, ол мемлекеттік органдардың кеңселеріндегі қоғамдық жерлерде орналастырылатын көрнекті ақпараттың мазмұнды және толыққанды болуы. Екі тілде ақпараттың тең болуы, оның үстіне нақты мысалдар, есептер, толтырылған үлгілер үлкен көлемде және келушілерге қолжетімді жерде орналастырылуы өте маңызды. Аталған шаралардың орындалуына әсер ету және сыбайлас жемқорлықпен күрес үшін облыстық, республикалық деңгейдегі сенім телефондары көрнекті жерде орналастырылуы бойынша уәкілетті органдарға халыққа қызмет көрсету орталықтарының тәжірибесіне жүгінуге болады. Осы арқылы қордаланған мәселелерді шешудегі нақты нәтижелердің құқықтық нигилизмді жоюда рөлі өте зор.

Аталған шаралардың өзектілігі құқықтық реттеуде тек құқықшығармашылық пен құқықты қолдануды жетілдіріп қана қоймай, құқықтық

мәдениеттің деңгейін жоғарылатуына да көп көңіл бөлу керектігін аңғартады.

6) Өртүрлі нормативтік-құқықтық актілер арасындағы қарама-қайшылықтарды жою және алдын алу.

«Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі №477-IV Заңының 23-бабы 6-тармағында «Оралмандардың көшіп келу квотасына енгізуге келісім алған этникалық қазақтар мен олардың отбасы мүшелері, сондай-ақ оралмандардың көшіп келу квотасына енгізілген оралмандар мен олардың отбасы мүшелері Қазақстан Республикасының аумағына келген кезде, көлік құралдарын қоспағанда, жеке мүлкіне кеден төлемдерін төлеуден босатылады» деп жазылған [16]. Ал «Жеке тұлғалардың жеке пайдалануға арналған тауарларды кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өткізу және оларды шығаруға байланысты кедендік операцияларды жасау тәртібі туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 30 маусымдағы № 314-IV Заңы «Кеден одағына мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес босқындар, мәжбүрлеп қоныс аударушылар, сондай-ақ кеден одағын мүше мемлекетке тұрақты тұруға келуші (көшіп келуші) болып танылған жағдайда мына талаптарды бір мезгілде орындаумен бірге заңды тұлғалар әкелетін жеке пайдалануға арналған бұрын пайдалануда болған автомобиль және тіркеме: көрсетілген тұлғаның кеден одағына мүше мемлекетке тұрақты тұруға келген күнінен бастап 18 айдан кешіктірмей бұған дейін тұрған елден кеден одағының кеден аумағына жеке пайдалану үшін әкелуі; заңды тұлғалардың осындай автомобиль және тіркеме кеден одағына мүше мемлекеттің заңдарына сәйкес босқындар, мәжбүрлеп қоныс аударушылар деп таныған күнге дейін немесе кеден одағына мүше мемлекетке тұрақты тұруға келген күнге (көшіп келуге дейін) кемінде 6 ай бұрын сатып алуы» деген шарттарды сақтағанда өткізу мүмкіндігін белгілейді [17].

Сондықтан заң жобаларын әзірлеу, кейін оларды қабылдау кезінде кешенді талдау жасалынып, мәтіндерді нақты тұжырымдау кезінде заңи техниканы жетілдіруге көңіл аудару керек.

7) Заң актілері мен заңға тәуелді актілердің бір уақытта қабылдауына қол жеткізу.

Халықтың көші-қоны туралы Заң 1997 жылы қабылданғанына қарамастан тек 2007 жылы

ғана оралмандарды көшіп келу квотасына енгізу ережесі, оралмандарды бейімдеу және кіріктіру орталықтары – мемлекеттік мекемелерін құру туралы қаулы, оралмандар мен олардың отбасы мүшелерінің оралмандарды бейімдеу және кіріктіру орталығында уақытша болуы және оларға бейімдеу қызметтерін көрсету ережесі, Өздерін оралман деп тануға ұсынған адамдар мен олардың отбасы мүшелерінің уақытша орналастыру орталығында болу ережесі қабылданды.

Заңға тәуелді актілердің болмауы құқық қолдану тәжірибесінде көптеген қиындықтар туындатады. Оларға уәкілетті органдарға тәжірибелік қызметін жүзеге асыру үшін негізделетін құжат жоқтығы, мемлекеттік қызметтерді пайдаланушыларға оларды алудың тәртібі мен рәсімдері туралы хабарсыз болуын жатқызуға болады.

Сондықтан «Нормативтік-құқықтық актілер туралы» Заңның 14-бабының 8-тармағына заң жобаларын әзірлеуші-мемлекеттік органдардың міндетіне заңдар мен заңға тәуелді актілерді күшіне бірдей енгізу міндетін белгілеу туралы толықтыру қосу керек, өйткені қазіргі нұсқада «егер Қазақстан Республикасы заңнамалық актісінің, Қазақстан Республикасы Президентінің нормативтік-құқықтық жарлығының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік-құқықтық қаулысының дайындалып жатқан жобасының құқық нормаларын іске асыру үшін бір деңгейдегі немесе төменгі деңгейдегі нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу қажет болса, онда нормативтік-құқықтық актінің негізгі түрінің жобасымен бір мезгілде көрсетілген өзгерістерімен және толықтыруларымен бірге актілердің жобалары дайындалуға немесе тиісті органдарға

осындай актілер дайындау туралы тапсырмалар берілуге тиіс» деп тек қана дайындау міндеті белгіленген [5].

8) Қабылданатын нормативтік-құқықтық актілерде сілтемесіз нақты тетіктердің көрсетілуі және қаржы-экономикалық негіздерінің болуы.

Бұл орайда өзін-өзі және отбасын тиімді еңбекпен қамтуға ниеті бар оралмандарға қазіргі жағдайда көптеген қаржы институттары ұсынатын несие шарттарының берілетін мерзімі, жоғары пайызы және алатын мүлікке талаптары қолайсыз болып табылады. Сондықтан республикалық, облыстық, қалалық, аудандық бюджет тарапынан жыл сайын мемлекеттік қаржы институттары арқылы оралмандарға арналған арнайы жеңілдетілген несиелеу бағдарламасы енгізілсе. Мысал ретінде, қазір жүзеге асырылып жатқан «Жұмыспен қамту-2020» үкіметтік бағдарламасын келтіруге болады. Онда оралмандар арнайы санат ретінде көрсетіліп, жеңілдетілген несиелерге қол жеткізуге мүмкіндік алды. Осылайша, заңда белгіленген құқықтар мен бостандықтарды, жеңілдіктер мен артықшыларды жүзеге асыру тетіктері нақты көрсетілмесе олардың құндылығы жоққа шығады деп айтуға болады.

Сонымен, көші-қон саясатының тиімді жүзеге асырылуы тек көші-қонға ғана қатысты емес, көшіп келушілердің келген беттегі бейімделуі мен кіріктірілуінің сапасы және деңгейімен тікелей байланысты. Көштің тоқтамай, әрі қарай жалғасуы үшін тек қана көші-қонмен айналысатын мекемелер ғана емес, барлық мемлекеттік органдар мен қоғамдық институттар ат салысу керек. Бұл ретте қабылданған заңдарды толық орындау және оларды жетілдіруге барлық мүдделі тараптар қатысу керек.

## Әдебиеттер

- 1 Матузов Н.И., Малько А.В. Теория государства и права. – М.: Юристъ, 2004. – 512 с.
- 2 Венгеров А.Б. Теория государства и права. – 3-е изд. – М.: Юриспруденция, 2000. – 528 с.
- 3 Ибраева А.С. Теория государства и права. – Алматы: Қазақ Университеті, 2006. – 128 с.
- 4 Алексеев С.С. Теория государства и права. – М.: Норма, 2005. – 496 с.
- 5 Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы №213 «Нормативтік-құқықтық актілер туралы» заңы. – БД «Закон»
- 6 1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясы. – БД «Закон»
- 7 Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» 1991 жылғы 16 желтоқсандағы Конституциялық заңы. – БД «Закон»

8 Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы №204 «Халықтың көші-қоны туралы» заңы. – БД «Закон»

9 Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы №99-IV Салық кодексі. – БД «Закон»

10 Қазақстан Республикасының 1991 жылғы 20 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» заңы. – БД «Закон»

11 Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 27 сәуірдегі №15-V «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әртүрлі заңнамалық актілердің құқық нормалары арасындағы қайшылықтарды, оқшылықтарды, коллизияларды және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін нормаларды жою мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы. – БД «Закон»

12 «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы №155 кодексі. – БД «Закон»

13 Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы №442 Жер кодексі. – БД «Закон»

14 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 16 қыркүйектегі N 900 «Этникалық қазақтардың тарихи отанына оралуы тұжырымдамасы туралы» қаулысы. – БД «Закон»

15 Қазақстан Республикасы премьер-министрінің 1998 жылғы 28 шілдедегі N 145 «Қоныс аудару шараларын ұйымдастыру туралы» өкімі. – БД «Закон»

16 Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі №477-IV «Халықтың көші-қоны туралы» заңы. – БД «Закон»

17 Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 30 маусымдағы №314-IV «Жеке тұлғалардың жеке пайдалануға арналған тауарларды кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өткізу және оларды шығаруға байланысты кедендік операцияларды жасау тәртібі туралы келісімді ратификациялау туралы» заңы. – БД «Закон»

## References

- 1 Matuzov N.I., Malko A.V. Teoria gosudarstva i prava. – M.: Urist, 2004. – s.512
- 2 Vengerov A.B. Teoria gosudarstva i prava. – 3-e izd. – M.: Urisprudencia, 2000. – s.528
- 3 Ibrayeva A.S. Teoria gosudarstva i prava. – Almaty: Kazakhskii Nacionalniy Universitet imeni Al Farabi, 2006. – s.128
- 4 Alekseev S.S. Teoria gosudarstva i prava. – M.: Norma, 2005. – s.496
- 5 Kazakhstan Respublikasynyn 1998 zhylygy 24 nauryzdagy N 213 «Normativtik kukiktyk aktiler turaly» zany. – BD «Zakon»
- 6 1995 zhylygy 30 tamyzdagy Kazakhstan Respublikasynyn Konstituciasy. – BD «Zakon»
- 7 Kazakhstan Respublikasynyn «Kazakhstan Respublikasynyn memlekettik tauelsizdigi turaly» 1991 zhylygy 16 zheltoksandagy Konstitucialyk zany. – BD «Zakon»
- 8 Kazakhstan Respublikasynyn 1997 zhylygy 13 zheltoksandagy №204 «Halyktyn koshi-kon turaly» zany. – BD «Zakon»
- 9 Kazakhstan Respublikasynyn 2008 zhylygy 10 zheltoksandagy №99-IV Salyk kodeksi. – BD «Zakon»
- 10 Kazakhstan Respublikasynyn 1991 zhylygy 20 zheltoksandagy «Kazakhstan Respublikasynyn azamattygy turaly» zany. – BD «Zakon»
- 11 Kazakhstan Respublikasynyn 2012 zhylygy 27 sauirdegi №15-V «Kazakhstan Respublikasynyn keibir zannamalyk aktilerine arturli zannamalyk aktilerdin kukyk mormalary arasyndagy kaishylyktardy, olkylyktardy, kolliziyalardy zhane sybailas zhemkorlyk kukyk buzushylyktar zhasauga ykpal etetin normalardy zhou maseleleri boinsha ozgerister men toluktyrular engizu turaly» zany. – BD «Zakon»
- 12 «Akimshilik kukyk buzushylyktar turaly» Kazakhstan Respublikasynyn 2001 zhylygy 30 kantardagy №155 Kodeksi. – BD «Zakon»
- 13 Kazakhstan Respublikasynyn 2003 zhylygy 20 mausymdagy №442 Zher kodeksi. – BD «Zakon»
- 14 Kazakhstan Respublikasy Ukimetinin 1998 zhylygy 16 kyrkuiektegi №900 «Etnikalik kazaktardyn tarihi otanyna oraluy tuzhyrymdamasy turaly» kaulysy. – BD «Zakon»

---

15 Kazakhstan Respublikasy premier-ministrinin 1998 zhylgy 28 shildedegi №145 «Konys audaru sharalaryn uimdasyru turaly» okimi. – BD «Zakon».

16 Kazakhstan Respublikasynyn 2011 zhylgy 22 shildedegi №477-IV «Halyktyn koshi-kony turaly» zany. – BD «Zakon».

17 Kazakhstan Respublikasynyn 2010 zhylgy 30 mausymdagy №314-IV «Zheke tulgalardyn zheke paidalanuga arналган тауарларды кеден одагынyn кедендик shekarasy arkyly otkizu zhane olardy shygaruga bailanysty кедендик operaciyalardy zhasau tartibi turaly kelisimdi ratifikacialau turaly» zany. – BD «Zakon».